ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 сауір № 1112-24-00-2/761 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

ЖАУАПКЕР:
«Мұрат» (Кожакишов Мурат Еламанович) ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жауапкер «Мұрат» (Кожакишов Мурат Еламанович) ЖК-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Мұрат» (Кожакишов Мурат Еламанович) ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Мұрат» (Кожакишов Мурат Еламанович) ЖК-нен 401 (төрт жүз бір) теңге тұрақсыздық айыппұл және 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 12.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Аймухамедов А. А., 28.05.2024
1112-24-3-1/713

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г. Кубенов**

Құжатқа қол қойылған: Кубенов Г. М., 12.04.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Аймухамедов А. А., 28.05.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

1112-24-3-1/713